

Үстеуге байланысты жаттығулар

1-жаттығу. Берілген сөздерді туынды үстеуге айналдырып жазыңыз.

Неміс, құс, жаз, қыры, түн, гүл, әкем, бастық, жоғары, алыс.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына мезгіл үстеуді қойып жазыңыз.

1. Еділ Павлодардан ... келді. 2. ... жаңбыр жауып тұр. 3. Мен мектепті ... бітірдім. 4. Еділ күндегіден ... тұрды. 5. ... біз Астанада демалдық. 6. ... жұмысқа кешікпей кел. 7. ... күндер аязды болады. 8. ... біз қонаққа барамыз. 9. Еділ ... келеді.

3-жаттығу. Көп нүктенің орнына мекен үстеуді қойыңыз.

1. Кітаптар ... жатыр. 2. Олар ... қарады. 3. Біз ... тұрамыз. 4. Олар баспалдақпен ... көтерілді. 5. ... кім келе жатыр? 6. Салтанат ... отыр.

4-жаттығу. Көп нүктенің орнына қимыл–сын үстеуін қойыңыз.

1. Олар ... айтады. 2. Мен ... келдім. 3. Студенттер қазақша ... сөйлейді. 4. Олар дүкеннен ... келді. 5. Оқушылар ... сөйледі. 6. Ол ... шыдады.

5-жаттығу. Көп нүктенің орнына мөлшер үстеуін қойыңыз.

1. Маған неге ... ренжідің? 2. Асқар ... жүрді. 3. Сен ... алма сатып ал. 4. ... уақыт өтті. 5. Ол ... ақша алған жоқ.

6-жаттығу. Берілген сөйлемдерді аударып, үстеудің түрін анықтаңыздар.

1. Его папа встает рано утром. 2. Мы летом поедем в деревню. 3. Я всегда встаю в шесть утра. 4. Мы никуда не пошли. 5. Кто впереди? 6. Салтанат пошла вниз. 7. По – моему, Арман сказал правильно. 8. По – твоему, где он живет? 9. Ребенок быстро уснул. 10. Сколько еще надо прочитать! 11. Сколько в группе студентов? 12. Надо положить в тесто по одному. 13. Сколько стоит килограмм винограда?

7-жаттығу. Көп нүктенің орнына үстеулердің бірін қойыңыз.

1. Біз ... «Юбилейный» кинотеатрына бардық. 2. Ол ... оқуға кетті. 3. Әжем баспалдақпен ... көтерілді. 4. ... сөз – алтын, ... сөз – көмір. 5. ... литр сүт алу керек? 6. Қонақтар ... келеді. 7. Біз ... қарадық. 8. Самат ... сөйлейді. 9. Ол ... кешігіп келер.